

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1326 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995, N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1 9 9 9 ж . , N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат, N 14, 58-құжат):

10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аса маңызды мемлекеттік мәні бар және жеке кәсіпкерлік болып табылатын қауіптілігі жоғары объектілерге байланысты жекелеген қызмет түрлерімен айналысу мемлекеттік лицензиялар бойынша жүзеге асырылады. Қызметтің мұндай түрлерінің

тізбесі, лицензиялау шарттары және кейіннен лицензиялық бақылау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында айқындалады.

Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау егер Қазақстан Республикасының заң құжаттарында белгіленген өнімге қойылған талаптар, жекелеген өнім түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті растау жөніндегі талаптар және қызметке мемлекеттік бақылау мемлекеттік әкімшілендіру мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда белгіленеді."

2. Қазақстан Республикасының 1997 ж. 13 желтоқсандағы қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139, 142-құжаттар; N 24, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 13, 53-құжат):

14-баптың 2-тармағындағы "тиісті қызмет түрлерімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға" деген сөздер "лицензиятты жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға берілген лицензиясынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 2001 ж. 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; 2005 ж. 3 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 ж. 29 қарашадағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2005 ж. 1 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 ж. 26 қарашадағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 52-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Жекелеген қызмет түрлеріне (операциялар жасауға) берілген лицензиядан айыруды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша, өз құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.";

2) мынадай мазмұндағы 137-1-баппен толықтырылсын:

"137-1-бап. Лицензиарға лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны

қ а й т а р м а у

Лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензиарға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармаған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы тоқтатылған кезде, бұл іс-әрекет азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

3) 149-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"149-бап. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру мерзімін бұзу

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру мерзімін бұзу,-

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

4) 152-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"152-бап. Бақылау және қадағалау функцияларын заңсыз беру

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен тәуелсіз сарапшыларға мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын беруге әкеп соқтырған іс-әрекеттер жасауы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

5) 436 және 437-баптардың бірінші бөлігіндегі "мұндай лицензия кері қайтарылып алынса" деген сөздер "лицензиат мұндай лицензиядан айырылса" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 636-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның жиырма, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы абзацтары "137," деген сандардан кейін "137-1," деген сандармен толықтырылсын ;

3) тармақша "137," деген сандардан кейін "137-1," деген сандармен толықтырылсын

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 ж. 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2005 ж. 3 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 ж. 29 қарашадағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 22

қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2005 ж. 1 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 ж. 26 қарашадағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 371-баптың 4-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" б) м ы н а л а р д ы :

медициналық, дәрігерлік қызметті, мал дәрігерлік саласындағы қызметті: мал дәрігерлік мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізуді; мал дәрігерлік мақсаттарға арналған дәрі-дәрмек құралдарды, биологиялық препараттарды өткізуді; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізуді; мал дәрігерлік емдеу-профилактикалық қызметтерін;

тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газбен жабдықтау жүйелерін пайдалануды, жөндеуді және салуды;

күзет сигналы құралдарын жобалауды, монтаждауды, жөнге келтіруді және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

өрт сигналы мен өрт сөндіру автоматикасын жобалауды;

жолаушылар лифтілерін жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

автомобиль көлігімен халықаралық жолаушылар және жүк тасымалын;

дәрілік заттарды көтерме және бөлшек саудада сатуды;

жобалау-іздістеу, сараптау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстарын;

алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатуды;

пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы қызметті, теледидар және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсетуді, жалпыреспубликалық магистральды, халықаралық байланыс желілерін жобалауды, салуды және радиожілік спектрін пайдалануды;

жолаушылар мен жүкті өзен көлігімен тасымалдауды;

жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді;

өлшеу құралдарын жасауды және жөндеуді;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) жөндеу-жаңғырту жұмыстарын;

жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты қызметтерді:

жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнатуды, монтаждауды, жөндеуді, пайдалануды;

пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі қызметті;

білім беру қызметін;

мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың;

мамандырылған және арнайы білім беретін бағдарламаларды іске асыратын заңды тұлғалардың ;

жалпы бастауыш, негізгі жалпы немесе жалпы орта; бастауыш кәсіптік білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; орта кәсіптік, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметін ;

рухани білім беретін бағдарламаларды іске асыратын заңды тұлғалардың; халықаралық және шетелдік заңды тұлғалардың қызметін; жеке және заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруын; электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және таратуды, электр станцияларын , электр желілерін және кіші станцияларды жобалауды және іске қосуды; тау-кен, мұнай-химия, химия, мұнай-газ қайта өңдеу өндірістерін және газ, мұнай және мұнай өнімдерін сақтау, магистральды газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары объектілерін жобалауды және пайдалануды; химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, кен-шахта, металлургия, энергетика жабдықтарын, жарылыстан қорғанған электротехникалық жабдықтарды, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстар мен құбырларды бақылау, аварияға қарсы және дабыл беру аппаратуралары мен жүйелерін жобалауды, жасауды, монтаждауды және жөндеуді; астық қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазалауды, сақтауды және тиеуді; темір жолдың жылжымалы құрамын жасау мен жөндеуді; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнаулы контейнерлерді жасау мен жөндеуді; шетелдік валютамен қолма-қол бөлшек сауда жасауды және қызмет көрсетуді жүзеге асыруды ;

мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау жөніндегі қызметтің барлық түрлерін: мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын әзірлеу, өңдеу, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету; мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын монтаждау, орнату, оларға қызмет көрсету, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жария болу техникалық арналарының қорғалу тиімділігін тексеру, іздеу; экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалауды, нормалауды және табиғат қорғау жұмыстарын қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлеріне қолданылмайды . " ;

2) 530-баптың 3-тармағындағы "кері қайтарып алынған немесе" деген сөздер алып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; 2005 ж. 3 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 ж. 29 қарашадағы "

Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 ж. 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 64-баптың 3-тармағындағы "қайтарып алынған" деген сөздер "одан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айыру

1. Лицензиясынан айыру үшін:

1) тауарларды тасымалдауға тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензиядан айыру ;

2) кедендік тасымалдаушы табыс еткен дұрыс емес мәліметтер негізінде лицензия беру ;

3) осы тарауда белгіленген шарттардың сақталмауы;

4) осы Кодекстің 66-бабында белгіленген мерзім ішінде лицензияның қолданылуының бұрын тоқтатыла тұруына негіз болған себептердің жойылмауы негіз болып табылады. " ;

3) 70-баптың 1-тармағының 1), 2) тармақшаларындағы "лицензия кері қайтарып алынғанда" деген сөздер "лицензиядан айырғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 88-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "немесе еркін қойма құруға арналған лицензия" деген сөздер "құруға арналған лицензия және еркін қойма құруға арналған шешім" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензиядан айыру

1. Лицензиясынан айыру үшін:

1) көрінеу жалған мәліметтер беру;

2) лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындамауы;

3) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұру себептерінің жойылмауы;

4) соттың лицензиатқа уақытша сақтау қоймасының қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады. " ;

6) 108-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) лицензиядан айырған ; " ;

7) 139-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"139-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензиясынан айыру

1. Лицензиядан айыру үшін:

1) көрінеу жалған мәліметтер беру;

2) лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындамауы;

3) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұру себептерінің жойылмауы;

4) соттың лицензиатқа кеден қоймасы қызметін көрсету жөніндегі қызметпен

айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады.";

8) 140-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "лицензия қайтарып алынған" деген сөздер "лицензиядан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 146-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"146-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешім

1. Бажсыз сауда дүкенін қазақстандық тұлға кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысанда кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген шешімді алғаннан кейін құрады.

2. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қолданыстағы бажсыз сауда дүкендері туралы ақпаратты, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдаланып отырып жариялауды қамтамасыз етеді.";

10) 147 - бапта :

тақырыбындағы және 1-тармақта "лицензияны", "лицензия" деген сөздер тиісінше " шешімді", "шешім" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармақта :

1) тармақшадағы "белгіленген нысан бойынша" деген сөздер "еркін нысандағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтағы "лицензиат" деген сөз "бажсыз сауда дүкенінің иесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 148 және 149-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"148-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтата тұру

1. Бажсыз сауда дүкенінің иесі өз міндеттерін және бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын талаптарды орындамаған жағдайларда, шешімнің қолданылуын тоқтата тұру себебі көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Шешімнің қолданылуын тоқтата тұру кезінде бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне тауарларды орналастыруға жол берілмейді. Шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға дейін бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендік режимге ауыстырылуға тиіс.

3. Шешімнің қолданылуы оның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін мұндай шешім қабылданған күннен бастап кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жаңғыртылады.

149-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді қайтарып алу

1. Шешімді кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

1) көрінеу жалған мәліметтер берілген;

2) бажсыз сауда дүкенінің иесі шешімдегі талаптарды орындамаған;

3) шешімнің қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептері жойылмаған;

4) сот бажсыз сауда дүкенінің иесіне бажсыз сауда дүкені қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салған жағдайларда қайтарып алуы мүмкін.

2. Қайтарып алу туралы шешім, мұндай шешім негізделе отырып, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Шешімді қайтарып алу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының қайтарып алу туралы бұйрығы қолданысқа енгізілген күнінен бастап қ о л д а н ы л а д ы .

4. Шешім қайтарып алынған жағдайда, бажсыз сауда дүкенінің иесі қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей шешімді кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

5. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді беру туралы қайталама өтініш оны қайтарып алуға негіз болған себептер жойылған жағдайда, белгіленген тәртіппен қ а р а л у ы м ү м к і н . " ;

12) 150-баптың тақырыбындағы және мәтін бойынша "лицензияның", "лицензия", "лицензиясы" деген сөздер тиісінше "шешімнің", "шешім", "шешімді" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

13) 244-баптың 5) тармақшасындағы "лицензия" деген сөз "шешім" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14) 246-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "лицензия" деген сөз "шешім" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

15) 247-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"247-бап. Еркін қойманы құруға арналған шешім

1. Еркін қойма кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген шешім алынғаннан кейін құрылады. Мұндай шешім еркін қойма құруға арналған алаңдардың меншік иесі немесе оларға шаруашылық жүргізу мен жедел басқару құқығында иелік етуші болып табылатын қазақстандық тұлғаға беріледі.

2. Еркін қойма құру туралы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша р е с і м д е л е д і .

3. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган құрылған және жұмыс істеп тұрған еркін қоймалар туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.;"

1 6) 2 4 8 - б а п т а :

тақырыбындағы және мәтін бойынша "лицензия" деген сөз "шешім" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "белгіленген нысан бойынша" деген сөздер "еркін нысандағы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтағы "лицензиат" деген сөз "еркін қойманың иесі" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

17) 249, 250-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"249-бап. Еркін қойманы құруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

1. Еркін қойманың иесі осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтата тұру себептері көрсетіле отырып, шешімнің қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Шешімнің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезінде тауарларды еркін қоймаға орналастыруға жол берілмейді. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін еркін қоймаға орналастырылған тауарлар кедендік бақылаумен өзге еркін қоймаға орналастырылуы немесе өзге кедендік режимге орналастырылуы тиіс.

3. Шешімнің қолданылуы оның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін мұндай шешім қабылданған күннен бастап кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жаңғыртылады.

250-бап. Еркін қойманы құруға арналған шешімді қайтарып алу

1. Шешімді кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

1) көрінеу жалған мәліметтер берілген;

2) еркін қойманың иесі шешімдегі талаптарды орындамаған;

3) шешімнің қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептері жойылмаған;

4) сот бажсыз сауда дүкенінің иесіне бажсыз сауда дүкені қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салған жағдайларда қайтарып алуы мүмкін.

2. Шешімді қайтарып алу, мұндай шешімге негізделі отырып, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді және қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

3. Шешім қайтарылған жағдайда, еркін қойманың иесі қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей шешімді кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

4. Еркін қойманы құруға арналған шешімді беру туралы қайталама өтініш оны қайтарып алуға негіз болған себептер жойылған жағдайда, белгіленген тәртіппен қ а р а л у ы м ү м к і н . " ;

1 9) 2 5 1 - б а п т а :

тақырыбындағы және мәтін бойынша "лицензияның", "лицензия", "лицензияны" деген сөздер тиісінше "шешімнің", "шешім", "шешімді" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Еркін қойманы құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтату мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.";

20) 298-баптың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

21) 403-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"403-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған
лицензиясынан айыру

1. Лицензиясынан айыру үшін:

1) көрінеу жалған мәліметтер беру;
2) бір жылдың ішінде бірнеше рет кеден ісі саласында әкімшілік құқық бұзушылық
жасау;

3) біліктілік аттестаты жоқ маманның, біліктілік аттестаты қайтарып алынған
маманның немесе біліктілік аттестатының қолданылуы сот шешімі бойынша тоқтатыла
тұрған не бұл қызметпен айналысу құқығынан айырылған маманның қызметтерін
пайдалану;

4) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұру себептерінің жойылмауы;

5) соттың лицензиатқа брокерлік қызметтер көрсету жөніндегі қызметпен
айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады.";

22) 404 - бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лицензиядан айырған;"

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "лицензияны қайтарып алуға" деген сөздер "
лицензиядан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 405-баптың 6-тармағындағы "ол қайтарып алынған" деген сөздер "онан айырған
" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 20 маусымдағы Жер кодексіне (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,
N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат):

150-баптың 2-тармағы "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

7. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 9 шілдедегі Орман кодексіне (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,
N 16, 140-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

1) 41-баптың 4) тармақшасындағы "лицензияның кері қайтарылып алынуы" деген
сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдалану жөніндегі
қызметті және бөрене тілу жөніндегі жұмыстарды лицензиялау

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде Қазақстан Республикасының лицензиялау
туралы заңдарында белгіленген тәртіппен орман пайдаланушылар жүзеге асыратын
сүрек дайындау жөніндегі қызмет және бөренелер тілу жөніндегі қызметтер көрсету
лицензиялануға жатады."

8. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2005 ж., N 23, 142-

қ ұ ж а т) :

1) 51-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "немесе рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру және оларды қайтарып алу" деген сөздер "қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру туралы немесе рұқсатты қайтарып алу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 66-баптың 1-тармағындағы "және көліктің" деген сөздер алып тасталсын;

3) 7 5 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші абзацындағы "арнайы су пайдалануға берілген лицензияны немесе рұқсатты" деген сөздер "лицензиатты арнайы су пайдалануға берілген лицензиясынан айыру немесе кері қайтарып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "лицензияны" деген сөздерден кейін "лицензиатты лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 76-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызмет түрлерін лицензиялау
Арнайы су пайдалану жөніндегі қызмет түрлерін лицензиялауды Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады."

9. "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 ж. 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 23, 142-құжат):

3 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау жөніндегі жұмыстарды қызметпен айналысу құқығына тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін лицензия негізінде мамандандырылған ғылыми-реставрациялық ұйымдар, басқа да ұйымдар мен азаматтар жүргізеді.";

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"жөндеу, реставрациялау" деген сөздер алып тасталсын;

"осы қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялар және (немесе) арнайы рұқсат" деген сөздер "арнайы рұқсат" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 ж. 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 15, 147-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат):

10-баптың 2-тармағының алтыншы абзацындағы "рұқсат" деген сөз "лицензия" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 ж. 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 55 - құжат) :

- 1) 15-баптың бірінші бөлігінің е) тармақшасындағы "лицензияны қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) 56-баптың и) тармақшасының екінші абзацындағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Тауар биржалары туралы" 1995 ж. 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 143-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

- 1) 2-баптың 1-тармағындағы "өзіне берілген биржалық лицензияның негізінде" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) 14-бап алып тасталсын;
- 3) 24-баптың екінші абзацы алып тасталсын;
- 4) 25-баптың 1-тармағының үшінші абзацы алып тасталсын.

13. "Мұнай туралы" 1995 ж. 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; 2005 ж., N 16, 70 - құжат) :

- 1) 8-2-баптың 4-тармағындағы "рұқсаты" деген сөз "лицензиясы" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 2) 36-3-баптың 2-тармағындағы "жазбаша рұқсаты", "рұқсат" деген сөздер "лицензиясы", "лицензия" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 ж. 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-

құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат;
; 2003 ж., N 5, 31 - құжат;
N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-
құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14,
58 - құжат) :

1) 47 - бапта :

2-тармақтың б) тармақшасындағы "лицензияны тоқтата тұруға не оны қайтарып алуға" деген сөздер "лицензияның қолданысын тоқтата тұруға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5-тармақтағы "лицензиясын (лицензияларын) қайтарып алу" деген сөздер "лицензиясынан (лицензияларынан) айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "лицензиясын (лицензияларын) қайтарып алғаннан" деген сөздер "лицензиясынан (лицензияларынан) айырғаннан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - тармақта :

бірінші бөліктегі "лицензия қайтарып алынғаннан" деген сөздер "лицензиядан айырғаннан" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8-тармақтағы "лицензияны қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 48 - бапта :

тақырыбындағы "оны қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "оны қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"1-1. Жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылмайтын банк депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензияларынан айырылады. " ;

2-тармақтағы "оны қайтарып алады" деген сөздер "одан айырады" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 57-баптың 6-тармағының бесінші абзацындағы "банктің лицензиясын қайтарып алуға" деген сөздер "банкті лицензиясынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 70-баптың б) тармақшасындағы "лицензияларды қайтарып алуға" деген сөздер "лицензиялардан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 72 - бапта :

1-тармақтағы "лицензияларын қайтарып алу" деген сөздер "лицензиялардан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "банктің банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларын қайтарып алады" деген сөздер ", банк, банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларынан айырылады" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 ж. 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, ст. 321; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 78, 23-құжат) :

1) 1-баптың отыз төртінші бөлігіндегі "немесе лицензиясы" деген сөздер алып тасталсын ;

2) 71-бап алып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 1995 ж. 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат, N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 155-құжат):

11-баптың 1-тармағының 33) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"33) заводы тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбелер бойынша түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасын, жарылғыш, күшті әсер ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалануға, атыс тирлері мен стендтерін ашуға, ал жеке тұлғаларға - азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтап қоюға, сақтауға және алып жүруге, әкелуге, әкетуге рұқсат беруге;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтаудың, есепке алудың, пайдаланудың, тасымалдаудың, жоюдың, әкелудің, әкетудің, сондай-ақ күшті әсер ететін улы заттарды сатып алудың, сақтаудың, тасымалдаудың, әкелудің, әкетудің ережелерін белгілеуге;"

17. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 ж. 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 443-

құжат; 1999 ж., N 6, 191-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат; 2003 ж., N 23, 169-құжат):

- 1) 3-баптағы "экспортқа бағдарланған" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) 14-бап "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

18. "Экспорттық бақылау туралы" 1996 ж. 18 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 240-құжат; 2000 ж., N 20, 377-құжат; 2003 ж., N 18, 143-құжат; 2004 ж., N 23, 142 - құжат) :

7-баптың алтыншы бөлігіндегі "оны кері қайтарып алуға немесе" деген сөздер алып тасталсын.

19. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 ж. 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат; 2004 ж., N 23, 142 - құжат) :

- 1) 6-баптың 5) тармақшасындағы "лицензиялау мен" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) 9-2-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы алып тасталсын;
- 3) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сертификаттау

Өрт қауіпсіздігі саласындағы сертификаттау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

20. "Банкроттық туралы" 1997 ж. 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, ст. 7; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 17, 155-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 57 - құжат) :

9-баптың 5-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша лицензиядан айырса не оның қолданылуы уақытша тоқтатылса;"

21. "Экологиялық сараптама туралы" 1997 ж. 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 23, 142 - құжат) :

11-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады;"

22. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 ж. 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат):

12-баптың 2-тармағындағы "лицензиялар" деген сөз "куәліктер" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 ж. 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 83-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

5-баптың 1-тармағының бесінші абзацы "атом" деген сөздің алдынан "алу деңгейінен төмен иондаушы сәулелендіру көздерін пайдаланатын сынақ зертханаларын техникалық реттеу жүйесіндегі акредиттелген қызметтерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

24. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 ж. 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

35-баптың 2) тармақшасындағы "лицензия қайтарылып алынады не оның қолданылуы тоқтатыла тұрады" деген сөздер "лицензиясынан айырады не оның қолданылуын тоқтата тұрады" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 ж. 20 маусымдағы. Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237 құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; N 11, 39-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар):

1) 4 2 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қолданысын тоқтата тұруға не лицензиядан айыруға құқылы.";

1-4-тармақтағы "оны уәкілетті органның қайтарып алуына" деген сөздер "одан айыруына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 5 - 2 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "қоры лицензияларының кері қайтарылып алынуына" деген сөздер "қорының лицензияларынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "оның лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер "оны лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "қорының лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған" деген сөздер "қорын лицензиясынан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 ж. 15 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 10, 32-құжат);

N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 14, 57-құжат):

1) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау";

2) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау саласындағы заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

3) 23-баптағы "Лицензияны қайтарып алу" деген сөздер "Лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 83-3 баптың 5-тармағының 8) тармақшасындағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Сот сараптамасы туралы" 1997 ж. 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 10, 32-құжат):

1) 1-баптың жетінші абзацы алып тасталсын;

2) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот-сараптама қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.".

28. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 ж. 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 138-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағының 5-1) тармақшасындағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

7-тармақтағы "кері қайтарып алынуы" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-бапта:

тақырыптағы және 3-тармақтағы "Лицензияны қайтарып алудың", "оның қайтарып алынуы" деген сөздер тиісінше "Лицензиядан айырудың", "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиторлық қызметті жүзеге асыратын лицензиат Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиясынан айырылуы мүмкін." ;

3-тармақтағы "оның қайтарып алынуы" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

29. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 ж. 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 448-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; 2004 ж., N 23, 142 құжат):

1) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қару мен оның патрондарын жасауға, өндіруге, жөндеуге, сатуға, иемденіп алуға, коллекциялауға, экспонаттауға берілген лицензиялар мерзімі шектелмей берілетін бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады .

Лицензиялар бірыңғай технологиялық кешенді ескере отырып, бірнеше қызмет түріне де, сол сияқты жекелеген қызмет түрлеріне де беріледі.

Қару мен оның патрондарын сатып алуға лицензия бір жолғы болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.";

2) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Лицензиядан айыру және оның қолданылуын тоқтата тұру
Лицензиядан айыру және оның қолданылуын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады . " ;

3) 20-баптың 1) тармақшасының үшінші абзацындағы "жойылғанда" деген сөз " алып қойылғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 21-баптың бірінші бөлігіндегі "жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы лицензиялау туралы заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 28-баптың 2), 7) тармақшалары алып тасталсын;

6) 29-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес жекелеген қызмет түрлеріне лицензия береді;" .

30. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 ж. 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 6, 41-құжат) :

9-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес жекелеген қызмет түрлеріне лицензия береді;" .

31. "Білім туралы" 1999 ж. 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж.,

N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 142 - құжат):

1) 9-баптың 2-тармағындағы "ол қайтарып алынған" деген сөздер "одан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12 - бапта:

5-тармақтың екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

7-тармақтағы "кері қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - тармақта:

бірінші бөліктегі "лицензияны кері қайтарып алуға немесе оның" деген сөздер "лицензияның" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиядан айыруға:";

3) 30-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес жекелеген қызмет түрлеріне лицензия береді;

4) 31-баптың 3-тармағының 8) тармақшасындағы, 4-тармағының 5) тармақшасындағы "және қосымша" деген сөздер алып тасталсын.

32. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 ж. 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат; 2004 ж., N 5, 27-құжат; N 23, 142 - құжат):

1) 15-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына байланысты жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялауға жатады.";

2) 18 - бап алып тасталсын;

3) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20 - бап. Лицензиядан айыру

Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына байланысты қызмет түрлеріне берілген лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады."

33. "Күзет қызметі туралы" 2000 ж. 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 14-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 17-1-баптың 3-тармағының екінші бөліктегі "лицензияны сот тәртібімен кері қайтарып алуға" деген сөздер "лицензиатты лицензиядан сот тәртібімен айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 21-баптағы "лицензияларды кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиялардан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2000 ж. 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 3, 19-құжат; N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

9-баптың 2-тармағының екінші бөлігі "басшысы" деген сөзден кейін "немесе ол уәкілеттік берген адам" деген сөздермен толықтырылсын.

35. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 ж. 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат):

1) 43-баптың 16) тармақшасындағы "лицензияларды кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиялардан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 53-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "лицензияны кері қайтарып алуға" деген сөздер "лицензиядан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 55 - б а п т а :

тақырыбындағы "брокерінің лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер "брокерін лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың жетінші абзацындағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Айыру туралы шешімде одан айырудың негіздемесі көрсетілуге тиіс.";

3-тармақтағы "Лицензиясы кері қайтарып алынған" деген сөздер "Лицензиясынан айырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 56-баптың тақырыбында және мәтін бойынша "брокерінің лицензиясын қайтарып алудың", "брокерінің лицензияларын кері қайтарып алу", "Лицензияны кері қайтарып алу", "Лицензия кері қайтарылып алынған", "Лицензияны кері қайтарып алу", "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер тиісінше "брокерін лицензиясынан айырудың", "брокерін лицензияларынан айыру", "Лицензиядан айыру", "Лицензиядан айырған", "Лицензиядан айыру", "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 60 - б а п т а :

"Актуарийдің лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер "Актуарийді лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру"

деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лицензиядан айыру туралы шешімде одан айырудың негіздемесі көрсетуге тиіс. Мұндай шешім лицензиат назарына жеткізілген күннен бастап ол лицензиясынан айырылған болып есептеледі.";

б) 69-баптың 6-тармақшасындағы "лицензияны кері қайтарып алуына", "оның лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер тиісінше "лицензиясынан айыруға", "оны лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 ж. 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 10, 56-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат):

22-баптың 6-тармағындағы "адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер "адвокатты лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

37. "Астық туралы" 2001 ж. 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 24-1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "қайтарып алу" деген сөздер одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 26-бабында белгіленген негіздер бойынша астықты сақтау жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензияны тоқтата тұруға;"

3) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру

1. Лицензиядан айыру үшін:

1) лицензиаттың біліктілік талаптарын бұзуы;

2) лицензиаттың өзі жүзеге асыруға лицензия алған қызмет түрімен айналысуына соттың тыйым салуы;

3) лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған себептердің жойылмауы;

4) лицензия алған кезде лицензиаттың көрінеу жалған ақпарат беруі негіз болып табылады.";

4) 33-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау қабілетін қалпына келтіруге жеткізбесе, лицензиат сот тәртібімен лицензиясынан айрылады."

38. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 ж. 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.

., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10 құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2005 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 29 қазанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы "шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

2) 6-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығаруға байланысты қызметке Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен лицензия беруге, оны тоқтата тұруға;"

3) 10-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығаруға байланысты қызметті мұндай қызмет түрімен айналысу құқығына Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы болған жағдайда жеке агенттіктер жүзеге асырады.";

4) 11-баптың 5-тармағындағы "Шетелдік жұмыс күшін тартуға және" деген сөздер алып тасталсын.

39. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 ж. 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лицензиядан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады."

40. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" 2001 ж. 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 23; 142-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасындағы "лицензияның" деген сөздер "сертификаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

3) 5-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

4) 6-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "пайдаланушы сертификаты және тиісті лицензиясы" деген сөздер "әуежай пайдаланушы сертификатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-баптың бірінші бөлігіндегі "пайдаланушы сертификаты мен халықаралық және (немесе) ішкі әуе тасымалдарын жүзеге асыруға лицензиясы" деген сөздер "әуежай пайдаланушы сертификаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-бап алып тасталсын;

7) 14-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "лицензияның" деген сөз "сертификаттың" деген сөзбен ауыстырылсын.

41. "Әділет органдары туралы" 2002 ж. 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

19 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшадағы "оларды қайтарып алу, тоқтата тұру және тоқтату" деген сөздер "оларды тоқтата тұру және тоқтату (олардан айыруды қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жекелеген қызмет түрлеріне лицензиялау".

42. "Геодезия және картография туралы" 2002 ж. 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 141-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

6-баптың 8) тармақшасындағы " , геодезиялық және картографиялық жұмыстарды" деген сөздер "жұмыстарын" деген сөзбен ауыстырылсын.

43. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 ж. 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 12-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тіркеу, өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулер үшін әкелінген пестицидтердің (улы химикаттардың) санын уәкілетті орган айқындайды.";

2) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті лицензиялау Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

44. "Ветеринария туралы" 2002 ж. 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау

Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады."

45. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 ж. 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 63-құжат; 2005 ж., N 14, ст. 55):

1) 6-баптың 2) тармақшасындағы "қайтарып алуды" деген сөздер "одан айыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "құқығына лицензияны қайтарып алуға" деген сөздер "құқығы лицензиясынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 ж. 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 70-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 7-баптың 13) тармақшасындағы ", сондай-ақ қызметі бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана шегінен тыс қолданылатын" деген сөздер "бар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 11-1) тармақшасында: бірінші абзацтағы ", сондай-ақ қызметі бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінен тыс қолданылатын" деген сөздер алып тасталсын; екінші абзацтағы "дайындауды," деген сөз алып тасталсын; үшінші абзац алып тасталсын;

3) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"10-бап. Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті лицензиялау Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялануға тиіс.";

4) 33-баптың 3-тармағындағы "қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

47. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 ж. 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 12, 88-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

10 - б а п т а :

тақырыбындағы "оны кері қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Темекі өнімдерін өндіруге берілген лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен жүзеге асырылады.".

48. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 ж. 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат) :

1) 3-баптың 2-тармағының 12) тармақшасындағы "лицензиялар береді, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады және қайта жаңғыртады, сондай-ақ оларды қайтарып алады" деген сөздер "лицензия береді, оның қолданылуын тоқтата тұрады, қайта жаңғыртады және лицензиаттарды лицензиясынан айырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "Лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "Лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лицензиядан айыру үшін:

- 1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерінің жойылмауы;
- 2) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарының, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттарының жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) бұзылуы;
- 3) уәкілетті органның ұйғарымдары жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) орындалмауы;
- 4) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген өзге де негіздер негіз болып табылады."

5-тармақтағы "заң актілерінде" деген сөздер "лицензиялау туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "оны кері қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 68-баптың 4-тармағындағы "ол кері қайтарып алынған" деген сөздер "одан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 93-баптың 1-тармағының 6-1) тармақшасындағы "қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 99-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "лицензия кері қайтарып алынған" деген сөздер "лицензиясынан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 102-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "кері қайтарып алынуы" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 106-баптың 3) тармақшасындағы "кері қайтарып алу" деген сөздер "одан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

49. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 ж. 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жағдайларда қаржы рыногындағы кәсіптік қызметті, қаржы ұйымдарындағы аудитті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оның қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру тәртібін белгілейді, лицензиялар береді, оның қолданылуын тоқтата тұрады және лицензиаттарды көрсетілген лицензиядан айырады;"

2) 10-баптың 10) тармақшасы "жағдайларда" деген сөзден кейін "лицензиатты" деген сөздермен толықтырылып, "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 10) тармақшасы "жағдайларда" деген сөзден кейін "лицензиалы" деген сөздермен толықтырылып, "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер "лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 12-баптың 6) тармақшасы алып тасталсын;

5) 13-баптың 7) тармақшасындағы "қорларының лицензиясын кері қайтарып алу" деген сөздер "қорларын лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

50. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 ж. 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат):

13-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;"

51. "Дәрілік заттар туралы" 2004 ж. 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 2, 8-құжат; N 2 3 , 1 4 2 - қ ұ ж а т) :

1) 6-баптың 4) тармақшасындағы "және қайтарып алады" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2) 8-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) лицензия береді және олардың қолданылуын тоқтата тұрады";

3) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау

Фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 25-баптағы "дәрілік заттар дайындауға лицензиясы бар," деген сөздер алып тасталсын.

52. "Байланыс туралы" 2004 ж. 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат):

1) 1 7 - б а п т а :

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады."

53. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 ж. 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 87-құжат):

1) 11-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "лицензияны қайтарып алу" деген сөздер "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "бюроның лицензиясын

қайтарып алу" деген сөздер "бюроны лицензиясынан айыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

54. "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 ж. 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж. , N 16 , 90 - қ ұ ж а т) :

1) 19-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "қайтарып алған" деген сөздер "одан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-баптың 6-тармағындағы "қайтарып алынғаны" деген сөздер "одан айырғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 33-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "лицензиясы қайтарып алынса", "лицензияны қайтарып алған" деген сөздер "лицензиясынан айырылса", "лицензиядан айырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 34-баптың 2, 3-тармақтарындағы "қайтарып алынған" деген сөздер "одан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 36-баптың 3-тармағындағы "(қайтарып алынуына)" деген сөздер "(одан айыруға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 44-баптың 7) тармақшасындағы "асыруға лицензиясы қайтарып алынған" деген сөздер "асыру лицензиясынан айырған" деген сөздермен ауыстырылсын.

55. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 ж. 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 7-8, 18-құжат):

24-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін тиісті лицензиясы бар тұлғалар құқылы."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті